

## Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету туралы

### Күшін жойған

Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 16 сәуірдегі № 180 қаулысы. Қостанай облысы Таран ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 10 мамырда № 9-18-166 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 2 қыркүйектегі № 357 қаулысымен

**Р Қ А О                  е скер т п е с і .**

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 02.09.2013 № 357 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысымен бекітілген "Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес Таран ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Тоқсан сайын әрбір балаға сегіз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін **әлеуметтік көмек көрсетілсін**.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 2012.09.27 № 416 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 қантардан бастап туындаған қатынастарға өз әрекетін таратады) шешімімен.

2. "Таран ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі әлеуметтік көмек түрлерін тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті орган болып тағайындалсын.

3. Әлеуметтік көмек тиісті оқу жылы ішінде төленеді деп белгіленсін.

4. Әлеуметтік көмекті төлеу әлеуметтік көмек алушының банк шотына ақшалай қаражатты екінші деңгейдегі банктер немесе тиісті банктік операциялары түрлеріне лицензиясы бар ұйымдар арқылы аудару жолымен іске асырылады.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 қантардан бастап туындаған қатынастарға өз әрекетін таратады.

*Аудан әкімі*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*A. Бондаренко*

*"Таран ауданы әкімдігінің  
жұмыспен қамту және әлеуметтік  
бағдарламалар бөлімі" ММ бастығы  
Л. Өтешева*

*"Таран ауданы әкімдігінің  
экономика және қаржы бөлімі"  
ММ бастығы*

*B. Ерессъко*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК